



ТУЗРУДАВ- КАЗАЛЫ

№2
(2381)
Сенбі
10 қаңтар
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ ДАРИЯДАҒЫ СУ ДЕҢГЕЙІН БАҚЫЛАДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Басықара аулындағы Ә.Тыныбаев атындағы Қазалы су торабына барып, Сырдария өзеніндегі су деңгейін бақылады.

Су торабы өндірістік учаскесінің бастығы Болат Әсербаев пен «Қазалысушар» өндірістік учаскесінің бастығы Нұрлан Әбілдаев аудан басшысына бүгінгі күні дарияға қаншалықты су келіп

тұрғандығын, судың деңгейін және мұз қалыңдығы жөнінде бақылады.

Ал, аудан әкімінің салаға жауапты орынбасары дарияда жағдай күнделікті 6 жерден бақыланып отырғандығын, қазіргі уақытта қауіптің жоқ екендігін және өзен бойындағы қауіпті саналатын аймақтардың үнемі бақылауда екенін жеткізді.

Сырдария өзенінің 176 шақырымы Қазалы ауданының

территориясынан өтеді. Оның 140 шақырымында қорғаныс бөгеттері орналасқан. Бүгінде елді мекендерді су басу қаупі жоқ. Дариядағы су деңгейі қалыпты.

Қазіргі таңда аудан аумағындағы Қазалы су торабына жоғарыдан секундына 65 текше метр су келуде. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 есе аз. Су мамандарының айтуынша алдағы уақытта келетін судың

көлемі секундына 120-130 текше метрге көбейеді. Одан бөлек, мұздың қалыңдығы 20-25 см.

Аудан әкімі салаға жауапты орынбасары мен дария бойындағы округ әкімдеріне, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің мамандарына су басу аймақтарындағы тұрғындарға, малшыларға ескерту парақшаларын таратуды және күндіз-түні қатаң бақылауды тапсырды.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫН ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен цифрландыру және жасанды интеллект саласын дамыту мәселесіне байланысты мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов бейнебайланыс режимі арқылы қатысты.

Аудан басшысы мәжілістен кейін арнайы жиын өткізіп, жауаптыларға күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бірқатар тапсырмалар жүктеді.

- Мемлекет басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп атап өтіп, жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғырту керектігін баса айтты. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес аудан бойынша мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен барлық саланың әлеуетін арттыру үшін жүйелі жұмыстар жүргізуіміз қажет. Алдымен ауданымыздың цифрлық инфрақұрылымын дамыту арқылы жоғары



жылдамдықты интернетпен қамту деңгейін арттыру керек. Қазіргі таңда цифрлық технологиялар білім алу, ақпаратқа қол жеткізу және мемлекеттік қызметтерді пайдалану үшін өте маңызды. Алайда, ауылдық жерлерде интернеттің әлсіздігі, техникалық құралдардың

жетіспеуі және цифрлық сауаттың төмендігі салдарынан цифрлық теңсіздік байқалады, - деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Осыған орай, жауаптыларға арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеп, елді мекендер арасында цифрлық теңсіздікті азайту бағытында тиісті шараларды

қабылдау жөнінде тапсырмалар берді.

Мәжілісте күн тәртібіндегі мәселеден бөлек 2025 жылдың 11 айының қортындысымен аудандағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің орындалуы мәселесі қаралды. Бұл жөнінде аудан әкімі көрсеткіштер бойынша өсім болғанымен, кәсіпкерлік саласы бойынша көрсеткіштер төмен екенін сынға алды.

Жыл қортындысымен барлық салалар бойынша межені артығымен орындауға бірлесе жұмыс істеуді тапсырды.

Жиында аудан әкімі ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, құрылыс, әлеуметтік сала, халықты сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, санитарлық тазалық мәселелеріне байланысты да тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛДЫҢ 11 АЙЫНДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНАН 34,9 МЛРД.ТЕҢГЕ ТӨЛЕНДІ



Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӘСҚ) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген әлеуметтік қатерлер туындаған кезде 2005 жылдан бастап жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша деңгейін іске асырады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары төлеушілер, яғни жұмыс берушілер қызметкерлері үшін, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар өзі үшін және басқалар төлейтін әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптастырылады.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі 5%-ды құрайды.

2025 жылдан бастап жүйеге жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар кірді.

2026 жылдан бастап жүйеге Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген шарттарға сәйкес келетін жеке тұлғалар танылатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимін (бұдан әрі - АСР) қолданатын адамдар кіреді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолданатын жеке тұлғалардың осы режим шеңберінде қызметті жүзеге асырған есепті

айда алған кірісі олар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолданатын жеке тұлғалардың төлеуіне жататын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 1% мөлшерінде белгіленеді.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолдану үшін белгіленген шектен аспауға тиіс.

Республика бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне шамамен 6,9 млн. жұмыс істейтін азамат қатысады және 1,3 млн. астам адам жыл бойы МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйе мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорымен екі ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемді көздейді - қызметкер жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда, сондай-ақ ол қайтыс болған жағдайда - оның асырауында болған отбасы мүшелеріне тағайындалатын асыраушысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем алады.

Бұл төлемдер мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу бойын-

ша бюджет қаражаты есебінен базалық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жыл сайын арттырылып отыратынын атап өту қажет. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап аталған төлемдер 10% -ға арттырылады. Қызылорда облысы бойынша 3,3 мың еңбекке қабілеттілігінен айрылған және 2,8 мың асыраушысынан айрылған отбасы үшін әлеуметтік төлемдер автоматты режимде арттырылады.

Өңірде 2025 жылдың 11 айында 4 077 адам еңбекке қабілеттілігінен айырылғаны үшін 1,4 млрд. теңге, асыраушысынан айырылғаны үшін 3075 отбасы 1,4 млрд. теңге көлемінде әлеуметтік төлем алды.

Келесі екі әлеуметтік төлем ана мен балалық шақпен байланысты. Осылайша, жұмыс істейтін әйел кірісінен айырылған кезеңде жүктілікке және босануға байланысты, сондай-ақ бір жарым жасқа дейінгі баланың күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер алады.

2025 жылдың 11 айында өңірде 9 306 болашақ ана жалпы сомасы 10,7 млрд. теңгеге жүктілікке және босануға байланысты әлеуметтік төлем алды, ал бала күтімі бойынша 30 877 адам жалпы сомасы 17,8 млрд. теңгеге әлеуметтік төлем алды.

Мансап орталығы жұмыссыз ретінде тіркеген жағдайда жұмыстан шығу себептеріне қарамастан, тағайындалатын жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем жүйеге қатысушы үшін маңызды қолдау болып табылады. Қызылорда облысында 2025 жылдың 11 айында 15291 адам жалпы сомасы 3,6 млрд. теңгеге аталған төлемді алды.

Осылайша, 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан Қызылорда облысы бойынша 34,9 млрд. астам теңге төленді.

Әлеуметтік қатер туындаған кезде

әлеуметтік төлемдердің мөлшері әр қатысушыға жеке есептелетінін және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың уақтылы мен толық төленуіне тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты жұмыс істейтін азаматтар үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түскен әлеуметтік аударымдар сомасын тұрақты негізде тексеру маңызды.

Бұл бүгінде egov.kz электрондық үкімет порталы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильдік қосымшалары арқылы онлайн режимде, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелері немесе мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры филиалдары арқылы офлайн режимде қолжетімді.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде барлық қажетті мәліметтер мемлекеттік органдармен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен сұратылады.

Осылайша, тиісті төлемдерді алу үшін үйден шықпай-ақ, қағаз жүзіндегі құжаттарсыз онлайн режимде жүгінуге болады.

2025 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша МӘСҚ ұсынған электрондық форматтағы мемлекеттік қызметтердің үлесі 70%-дан асты.

Бұдан басқа, 2025 жылғы 15 қазаннан бастап әлеуметтік төлемдерді автоматты түрде тағайындау жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды, оның негізгі мақсаты мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімін бір жұмыс күніне дейін қысқарту және әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың негізгі кезеңдерін оңтайландыру есебінен процестердің ашықтығын арттыру болып табылады.

Жоба egov.kz электрондық үкімет порталы, enbek.kz электрондық еңбек биржасы, екінші деңгейлі банктердің мобильдік қосымшалары мен про-актив арқылы келіп түскен өтініштер негізінде қалыптастырылатын

электрондық іс макеттерін қамтиды.

Электрондық өтініштер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде кешенді тексеруден өтеді. Жүйе төлемдерді алу құқығының басталғанын, әлеуметтік аударымдарды уақтылы және дұрыс төлеуді, сондай-ақ құжаттардың толық топтамасының болуын автоматты түрде растайды.

Егер өтініш белгіленген критерийлерге сәйкес келсе, шешім автоматты түрде қабылданады, содан кейін өтініш берушіге SMS-хабарлама жіберіледі. Жүйеде қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, электрондық іс макеті автоматты түрде МӘСҚ филиалдары мамандарының қарауына беріледі.

Пилоттық жоба әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы ғана емес, тағайындаудан бас тарту, төлем мөлшерін қайта есептеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдерді автоматты түрде қабылдауды көздейтінін атап өткен жөн.

Екі ай ішінде жүйе Қызылорда облысы бойынша 1504 өтінішті қарады, оның ішінде 892 бойынша автоматты режимде оң шешімдер қабылданды.

Сондай-ақ, МӘСҚ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі бойынша консультативтік-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. 11 айдың қорытындысы бойынша Қызылорда облысында еңбек ұжымдары және халықпен 142 іс-шара, 2 «Ашық есік күні» іс-шаралары өткізіліп, жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін 664 өтініштері қаралды.

Жалпы МӘСҚ-тың негізгі міндеті әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде әлеуметтік төлемдердің әділ мөлшерін алу мақсатында халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру, сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы

ЗА 11 МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ИЗ ГФСС ВЫПЛАЧЕНО 34,9 МЛРД.ТЕНГЕ



Государственный фонд социального страхования (ГФСС) реализует дополнительный уровень социального обеспечения работающих граждан с 2005 года при наступлении социальных рисков, предусмотренных Социальным кодексом Республики Казахстан.

Финансовые ресурсы системы обязательно социального страхования формируются за счет социальных отчислений (соцотчисления), уплачиваемых работодателями за работников, индивидуальными предпринимателями и лицами, занимающимися частной практикой за себя и др.

Ставка соцотчислений с 1 января 2025 года для участников системы обязательного социального страхования составляет 5%.

С 2025 года в систему вошли физические лица, получающие доходы по заключенным с налоговыми агентами договорам гражданско-правового характера, предметом которых является выполнение работ (оказание услуг).

С 2026 года в систему войдут лица, применяющие специальный налоговый режим (далее – СНР) для самозанятых, которыми признаются физические лица, соответствующие условиям, предусмотренным Налоговым кодексом Республики Казахстан.

Объектом исчисления соцотчислений для физических лиц, применяющих СНР для самозанятых, является

доход, полученный ими за отчетный месяц осуществления деятельности в рамках данного режима.

Ставка соцотчислений, подлежащих уплате физическими лицами, применяющими СНР для самозанятых, устанавливается в размере 1 % от объекта исчисления соцотчислений.

При этом доход, принимаемый для исчисления соцотчислений, в месяц не должен превышать 7-кратный минимальный размер заработной платы, установленный на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, и порог, установленный для применения специального налогового режима для самозанятых Налоговым кодексом Республики Казахстан.

В системе обязательного социального страхования по республике участвуют порядка 6,9 млн. работающих граждан и более 1,3 млн. человек в течение года получают социальные выплаты из ГФСС.

Система предусматривает две долгосрочные социальные выплаты из ГФСС - при утрате работником общей трудоспособности, а также в случае его смерти – семья получает социальную выплату по потере кормильца. Эти выплаты осуществляются в дополнение к базовым государственным социальным пособиям по инвалидности и по потере кормильца за счет бюджетных средств. Необходимо отметить,

что долгосрочные социальные выплаты ежегодно индексируются по решению Правительства Республики Казахстан. С 1 января 2026 года указанные выплаты будут повышены на 10%. По Кызылординской области для 3,3 тыс. лиц, утративших трудоспособность и 2,8 тыс. семей, потерявших кормильца социальные выплаты будут повышены в автоматизированном режиме.

В регионе по итогам 11 месяцев 2025 года 4 077 человек получили социальную выплату по утрате трудоспособности на общую сумму 1,4 млрд. тенге, по потере кормильца - 3 075 семей получили выплату на сумму 1,4 млрд. тенге.

Следующие две социальные выплаты связаны с материнством и детством. Так, работающая женщина на период потери дохода получает социальные выплаты в связи с беременностью и родами, а также по уходу за ребенком до полутора лет.

По итогам 11 месяцев 2025 года в регионе 9 306 будущих мам получили социальную выплату по беременности и родам на общую сумму 10,7 млрд. тенге, а социальную выплату по уходу за ребенком 30 877 человек на общую сумму 17,8 млрд. тенге.

Важной поддержкой для участника системы, независимо от причин увольнения, является социальная выплата по потере работы, которая назначается при условии регистрации Карьерным центром его в качестве безработного. По итогам 11 месяцев 2025 года в Кызылординской области 15 291 человек получили указанную выплату на общую сумму 3,6 млрд. тенге.

Таким образом, по состоянию на 1 декабря 2025 года из ГФСС по Кызылординской области выплачено более 34,9 млрд. тенге.

Следует отметить, что при наступлении социальных рисков размеры выплат рассчитываются индивидуально и напрямую зависят

от своевременности и полноты уплаченных соцотчислений в ГФСС. В этой связи, работающим гражданам важно на постоянной основе проверять фактически поступившие в ГФСС суммы соцотчислений. Это сегодня доступно в онлайн-режиме через портал электронного правительства egov.kz или мобильные приложения банков второго уровня, а также в офлайн-режиме через отделения Государственной корпорации «Правительство для граждан» или филиалы ГФСС.

При оказании государственных услуг по назначению социальных выплат практически все необходимые сведения запрашиваются из информационных систем государственных органов и организаций.

Таким образом, за соответствующими выплатами можно обратиться в онлайн-режиме, не выходя из дома и без подтверждения документов на бумажном носителе.

По итогам 11 месяцев текущего года доля предоставленных государственных услуг ГФСС по республике в электронном формате превысила 70%.

Кроме того, с 15 октября 2025 года запущен пилотный проект по автоматическому назначению социальных выплат, основной целью которого является сокращение сроков оказания государственных услуг до одного рабочего дня и повышение прозрачности процессов за счет оптимизации ключевых этапов рассмотрения заявок.

Проект охватывает электронные макеты дел, сформированные на основе заявлений, поступивших через портал «Электронного правительства» (egov.kz), Электронную биржу труда (enbek.kz), мобильные приложения банков второго уровня и проактивную услугу.

Электронные заявления проходят комплексную проверку в информационных системах государственных органов. Система автоматиче-

ски подтверждает наступление права на получение выплаты, своевременность и корректность уплаты социальных отчислений, а также наличие полного пакета документов.

Если заявление соответствует установленным критериям, решение принимается автоматически, после чего заявителю направляется SMS-уведомление. В случае выявления системой каких-либо несоответствий, электронный макет дела автоматически передается на рассмотрение специалистам филиалов ГФСС.

Следует отметить, что пилотный проект предусматривает автоматическое вынесение решений не только о назначении, но и об отказе, перерасчете размеров, приостановлении и прекращении социальных выплат.

По Кызылординской области за два месяца работы нового алгоритма системой было рассмотрено 1 504 заявления, из которых по 892 приняты положительные решения в автоматическом режиме.

Также, ГФСС проводится консультативно-разъяснительная работа по системе обязательного социального страхования. По итогам 11 месяцев в Кызылординской области проведено 142 мероприятий в трудовых коллективах и населением, 2 мероприятий «День открытых дверей», рассмотрено 664 обращений, поступающих от физических и юридических лиц.

В целом основной задачей ГФСС является стимулирование занятости населения в целях получения адекватных размеров социальных выплат при наступлении социальных рисков, а также повышение качества и доступности оказываемых государственных услуг.

**Филиал АО
«Государственный фонд
социального страхования»
по
Кызылординской области**

«А» ВИРУСТЫ ГЕПАТИТ

Вирусты гепатит «А»-бауырды зақымдайтын, жедел және қысқа мерзімді белгілермен сипатталатын жұқпалы ауру. «А» гепатитінің қоздырғышы-бауыр жасушаларында көбейетін вирус.

Вирусты гепатиттің «А» түрі тұрмыстық және алиментарлы (қоздырғышпен ластанған су және тамақ арқылы) жолдарымен берілетін кең таралған жұқпалы ауру. Вирусты гепатиттің эпидемиологиялық өршуі күзгі-қысқы кезеңде байқалады. «А» гепатитімен барлық жастағы адамдар ауырады, бірақ көбінесе балалармен жасөспірімдер арасында жиі кездеседі.

Аурудың инкубациялық кезеңі орташа есеппен 2-3 аптаға созылады. Орташа ұзақтығы 35 күн. Инфекциялық жұқтыру көзі науқас адам. Вирустың таралу факторы ауру адамнан бөлінген қоздырғышпен ластанған су, күнделікті пайдаланатын заттар, ойыншықтар.

«А» гепатиті қалай жұғады: қоздырғыш ішек инфекциясы тобына жатады, сондықтан ластанған су мен азық түлік өнімдерді тұтыну, гигиенаны сақтамау арқылы жұғады.

«А» гепатиті вирусы сыртқы ортаға науқастардың, сондай-ақ, инфекцияны тасымалдаушылардың немесе аурудың жойылған түрімен ауыратын науқастардың нәжісінен бөлінеді. Вирус дені сау адамның асқазан-ішек жолына түскеннен кейін ол қан арқылы гепатоциттерге еніп, оларды бұзады. Ауру күзде және қыста көбейеді, ал жаз айларында сирек кездеседі. Инфекциядан кейін өмір бойғы иммунитет қалыптасады.

Вирустық гепатит «А» белгілері:

Аурудың алғашқы белгілері - дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, төбеттің төмендеуі, жүректің айнуы мен құсу, бұлшықеттің ауруы. Кейіннен зәрдің қараюы байқалады, ол күшті қайнатылған шайдың түсін алады, нәжіс, керісінше, түсі өзгереді, сарғаю пайда болады (склераның, терінің сарғаюы). 1-2 күннен кейін температура төмендейді және науқастың жағдайы біршама жақсарады. Осы уақытта ересектерде бірдей белгілер байқалуы мүмкін, бірақ жеңілрек түрде өтеді.

Сарғаю кезеңі 2 аптаға

дейін созылады. Бұл жағдайда «А» гепатитінің белгілері әлсірейді, науқастардың көпшілігінің жағдайы қалыпқа келе бастайды. Зәрдің қараюы және нәжістің түсінің өзгеруі, сарғаю білінеді. Бауыр ұлғаяды. Сарғаюдан кейінгі кезең ұзаққа созылады. Осы уақытта бауырдың біртіндеп қалпына келуі байқалады.

Вирусты гепатит «А»-ның алдын алу шарасы:

Ауруды болдырмау үшін, әрине, жеке гигиена ережелерін сақтау керек.

- тамақ ішер алдында, дәретханаға барғаннан кейін, серуендеуден кейін, сондай-ақ, сіздің отбасыңызда гепатитпен ауыратын адам болса, науқаспен әрбір араласқаннан кейін көкөністер мен жемістерді және қолды таза ағынды сумен мұқият жуыңыз;

- тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішу;

- азық-түлік өнімдерін сатуға арналмаған орындардан сатып алмаңыз, егер сатып алсаңыз, оларды термиялық өңдеуден өткеннен кейін ғана тұтыныңыз (пісірілген, қуырылған);

- термиялық өңдеуге

жатпайтын экзотикалық тағамдарды жеуге болмайды (устрица, мидия және ұлулар, және тағы басқа).

Егер сізде гепатит белгілері байқалса, өзін-өзі емдеуге болмайды және дереу дәрігерге хабарласыңыз. Дәрігердің барлық ұсыныстарын орындау маңызды.

Бүгінгі таңда ең тиімді алдын алу шарасы «А» гепатитіне қарсы екпе болып табылады. Ол екі жастан кейін жүргізіледі, содан кейін алты айдан кейін ревакцинация жасалады, ошақтардағы эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша 14 жасқа дейінгі балалар да егіледі. Вакцинация алғандардың 95 пайызы сенімді иммунитетпен қамтамасыз етіледі. Вакцинация-вирусты алдын алудың ең тиімді әдісі. Вакцинацияның тиімділігі өте жоғары!

**Гүлзат
ЖАНҚЫЛЫШҚЫЗЫ,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бөлім басшысы**

**Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер
басқармасының 2025 жылғы 02 желтоқсандағы
№101-ө бұйрығына қосымша**

**2026 жылдың I –ші жартыжылдығында Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшылығының
жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі**

Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күнімен уақыты	Қабылдау жүргізу орны	Байланыс телефоны
КАЙРБАЕВ Абай Аргынович	Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні сағат 14:30-дан 18:00-дейін	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №3 Каб №1	+7 (72438) 21-3-28

*** Қабылдауға жазылу +7 (72438) 21-3-28, +7 (72438) 22-4-82 телефондары және ugd.kazalinsk@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.**

**Приложение к приказу Управления
государственных доходов по Казалинскому
району от 02 декабря 2025 года №101-ө**

**График приема физических лиц и представителей юридических лиц
руководством Управления государственных доходов по Казалинскому району на I - полугодие 2026 года**

Ф.И.О.	Должность	Дата и время приема граждан	Место приема государственного органа	Контактный телефон
КАЙРБАЕВ Абай Аргынович	Руководитель Управления государственных доходов по Казалинскому району	Еженедельно по четвергам час с 14:30 по 18:00	Казалинский район, кент Айтеке би, ул. К.Примова, №3, Каб №1	+7 (72438) 21-3-28

***Запись на прием осуществляется по телефонам: +7 (72438) 21-3-28, +7 (72438) 22-4-82 и через электронную почту: ugd.kazalinsk@kgd.gov.kz**

**Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

**ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.